

«Кәсіби бухгалтерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы № 455 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 289 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 шілдеде № 9624 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Кәсіби бухгалтерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы № 455 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5050 тіркелген, 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 4 (1404) «Заң газеті» газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіби бухгалтерлерге қойылатын біліктілік талаптарында :

4 - тармақ алып тасталсын .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Ішкі бақылау, нақты сектор бухгалтерлік есебі мен аудиті әдіснамасы департаменті (А.О. Төлеуов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жіберілуін ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2014 жылғы 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Қаржы министрі	Орынбасары Республикасының	- Б. Сұлтанов
--	-------------------------------	------------------

